

Оқу дайындығын анықтайтын тест

Сыни ойлау

1.

А шамасы	В шамасы
$7x+5=61$ теңдеуінің шешімі	$\sqrt{\sqrt{81}}$

А және В шамаларын салыстырыңыз.

- A) Шамаларды салыстыру мүмкін емес
- B) $A=B$
- C) В шамасы үлкен
- D) А шамасы үлкен


2.

А шамасы	В шамасы
$(x-4)(x+4)+16=0$ Теңдеуінің шешімі	5^3-125

А және В шамаларын салыстырыңыз.

- A) В шамасы үлкен
- B) Шамаларды салыстыру мүмкін емес
- C) А шамасы үлкен
- D) $A=B$


3.

А шамасы	В шамасы
 <p>m және n параллель болса, y- бұрышының бұрыштық мәні</p>	$4x-42=150$ Теңдеуінің шешімі

А және В шамаларын салыстырыңыз.

- A) $A=B$
- B) В шамасы үлкен
- C) А шамасы үлкен
- D) Шамаларды салыстыру мүмкін емес

4. Есептеңіз: $-|x^2 + 2 - (x^2 - 5) - (x^2 + 7)| =$
- A) 2
 B) $3x+2$
 C) $-3x-2$
 D) $-x^2$
 E) $12x-2$
5. $(\sqrt{x^3} - 6)(\sqrt{x^3} + 6) < 180$ теңсіздігінің шешімі
- A) $[6; +\infty)$
 B) $(-6; +\infty]$
 C) $(-\infty; 6)$
 D) $(6; +\infty)$
 E) $[-6; +\infty)$
6. Егер m және n оң бүтін сандар үшін $2^{18} \cdot 3^m = 12^n$ теңдігі орындалса, онда m санының мәні
- A) 16
 B) 8
 C) 4
 D) 9
 E) 18
7. $a_n = 3n + 2$ сандық тізбегінің a_4, a_2 элементтерінің ең үлкен ортақ бөлгіші, яғни $\text{ЕҮОБ}(a_4, a_2)$ -тің мәні
- A) 6
 B) 5
 C) 4
 D) 12
 E) 2
8. Егер бұрыштардың барлығы 90° болса, онда келесі фигураның периметрі



- A) 1000
 B) 500
 C) 1500
 D) 750
 E) 800

9. $(x + 5) \cdot 7 = 3 \cdot (x - 3)$ теңдеуінің шешімі

- A) 44
- B) 11
- C) -44
- D) -11
- E) 4


10. Егер $f(x) = 3x^2 - bx + 1$ және $f(-1) = 5$ аралықтарында болса, онда $f(1)$ -дің мәні

- A) 5
- B) 1
- C) -8
- D) 3
- E) -3

11. Егер $c > a$ және $K < a$ болса, онда келесі тұжырымдардың арасындағы дұрыс тұжырым

- A) $K - a = 3$
- B) $a - c = 7$
- C) $c - a = -5$
- D) $c - K = -4$
- E) $a - K = 2$


12.



Кестеде өзендердің ұзындықтары көрсетілген. Ұзындықтарының қосындысы Ніл өзенінің ұзындығынан кем болатын екі өзен аты

- A) Ефрат пен Еділ
- B) Ефрат пен Конго
- C) Амазонка мен Янг
- D) Конго мен Еділ
- E) Конго мен Янг


13.



y° – бұрыштың мәні

- A) 36°
- B) 30°
- C) 40°
- D) 15°
- E) 20°


14.



143 оқушыдан сауалнама жүргізгенде 68 оқушы алгебраны және сонша оқушы химияны жақсы көретінін, ал 80 оқушы физика пәнін жақсы көретінін айтты. Соның ішінде, 28 оқушы алгебраны да химияны да, ал 35 оқушы алгебраны да физиканы да, ал 30 оқушы физиканы да химияны да, және 20 оқушы осы пәндердің үшеуін де жақсы көретіндігін айтты. Тек қана алгебра мен химияны жақсы көретін оқушылар саны

- A) 4
- B) 5
- C) 8
- D) 6
- E) 7

15.



ABCD тіктөртбұрышы берілген. Боялған фигураның ауданы

- A) 19
- B) 16
- C) 18
- D) 15
- E) 17

Аналитикалық ойлау

16. Көп нүктенің орнына қажет сөзді қойыңыз

Жаман мінез-құлық – ... кесел. Бұл кеселді жою үшін тән кеселін емдеуде қолданылатын дәрігердің тәжірибесіне еліктеуіміз керек (Әл-Фараби).

- A) созылмалы
- B) жұқпалы
- C) жағымды
- D) уақытша
- E) рухани

17. Көп нүктенің орнына қажет сөзді қойыңыз

Халқымыз үшін ... : рухы жоғары ой, ниет, тілектің жиынтығы; адам мен ортаның қуанышына орай адал ниет, жақсы тілек білдіру; күллі сенімнің бірлігін білдіретін тіл мен көз сұғынан сақта деген асыл сөз; бастамақ істің тұсаукесері және қасиетті тұмары. Яғни онда халықтың адал жаны, биік рухы, ашық тілегі, киелі сөзі көрініс табады.

- A) дәстүр
- B) тыйым
- C) мәдениет
- D) өнер
- E) бата

18. Көп нүктенің орнына қажет сөзді қойыңыз

Адам өзін тайсалмайтын табанды, ... етіп тәрбиелегісі келсе, қиыншылықтан қорықпай онымен ұдайы күресіп, жеңіп отыруы керек (Б.М.Теплов)

- A) қарапайым
- B) мейірімді
- C) әділ
- D) жомарт
- E) қажырлы

Тіл – дүниені танудан бастап, адам өмірінің барлық саласын, өмір тіршілігін тұтас қамтитын және оның заттық, рухани мәдениетін келер ұрпағына жеткізетін құрал. Адамды тіл ішінде тану дегеніміз – оның бүкіл болмысын тану, өмір сүру, күн кешу сияқты қарапайым тіршілік ұстанымдарын білу.

Құндылықтар таңбасы тіл арқылы ғана әлеммен байланыстыратыны белгілі. «Адам – Тіл – Әлем» жүйесінде адам және қоғам болмысы қалыптасуының негізгі мағыналары арқылы тілде көрініс табады. Бұл бағыттың мақсаты – тілдік тұлғаның ішкі әлемін танудың әдісі мен технологиясын анықтау, тілдік мәліметтер арқылы тұлға мен қоғамның құндылыққа деген өзіндік пікірін зерттеу.

19. Асты сызылған сөздің мағынасын көрсетіңіз.

Тілдік мәліметтер арқылы тұлға мен қоғамның құндылыққа деген өзіндік пікірін зерттеу.

- A) образын
- B) жетістігін
- C) идеясын
- D) кемшілігін
- E) көзқарасын

20. Мәтіндегі тірек сөздерді анықтаңыз.

- A) заттық, рухани мәдениет
- B) әдіс, технология, мәлімет
- C) болмыс, тіршілік, құндылық
- D) адам, тіл, қоғам
- E) сөз, ұғым, мағына

21. Мәтелдің мағынасын ашатын тіркесті табыңыз.

«Тілі бардың тіріде ақысы кетпейді».

- A) есептескен ел болмас
- B) ол қарыздарымен есептесті
- C) міндетін еселеп орындады
- D) ешкімге есесін жібермейді
- E) жақсылықты есепсіз жасады

Әр түстің қазақ ұғымында өзіндік мән-мағынасы бар. Мысалы, көк түс – көгерудің, жақсы көңіл-күйдің, өсіп-өркендеудің нышаны. Қазақ: «Көгер! Көкте, көсегең көгерсін!» – дейді. «Көгерме! Көктеме!» деп қарғайды. Жасыл түс – жанарудың, жақсылықтың нышаны. Ақ түс – адалдықтың, тазалықтың айғағы. Қызыл түс – жастықтың, сұлулықтың, әдемілік пен нәзіктіктің нышанын білдіретін ұғым. Сары түс – уайым, сарғаю, сағыныштың бейнесі. Қара түс – жағымсыз бейне көрінісі.

«Ақ» пен «қара» сөздері түр-түсті ғана емес, басқа мағынада да қолданылады. «Ақжол, ақкөңіл, ақниет, ақжүрек» сөздері жағымды мәнде айтылады. Алайда «ақ» жағымсыз мәнде де қолданылады. Мысалы, «аққұс, ақсайтан» – «жеңілтек, ұшқалақ» деген сөз. «Ақсаусақ» – еңбек ете қоймайтын, «ақкөз» сөзі «тасжүрек», «ақсирақ» сөзі «жұт, жоқшылық» дегенді білдіреді.

«Қараниет, қаражүрек, қара қамшы, қарабет» сөздері жағымсыз мәнді білдіреді. «Қара» сөзі қасиетті, киелі деген ұғымда да қолданылады. Мысалы: қара шаңырақ. Қазақ ұғымында «қара шаңырақ» – қасиетті, ата-ананың тұрған үйі.

«Көк» сөзі ұнамды мағынада қолданылғанымен, «көк бет», «көкайыл» дегенде ашулы, бетбақ адамның бейнесін көрсетеді. Қазақтың «көк етікті» деген тіркесі – бай, ауқатты адамды айтқаны.

Қоңыр қой, қоңыр сиыр, қоңыр қаз деген қолданыстарда «қоңыр» сөзі түс атауын білдіреді. Кейде «жағымды» деген мағынаны білдіреді. Мысалы: қоңыр жел, қоңыр кеш, қоңыр дауыс, майда қоңыр тіркестері жайлы, ұнамды дегенді білдіреді.

Сөзге ұста, тілі бай халқымыз түс атауларының көп мағыналығын терең танып, дәл қолдана білген.

22. Мәтінде көтерілген негізгі тақырыпты анықтаңыз

- A) негізгі түстердің түрлі реңктері жайында
- B) ырым-тыйымдардың пайда болуы
- C) түр-түс атауларының шығу тегі
- D) қазақ танымындағы киелі сөздер
- E) түс атауларының мән-мағынасы

23. Жағымсыз мәнді білдіретін тіркесті табыңыз

- A) ақжол
- B) ақкөңіл
- C) қара шаңырақ
- D) көкбет
- E) қоңыр дауыс

24. Берілген сөйлемді аяқтаңыз

«Көк етікті» тіркесі адамның ... көрсету мағынасын білдіруде қолданылады.

- A) жеңілтек мінезін
- B) өте жақсы тұрмысын
- C) жас мөлшерінің шамасын
- D) киім кию мәдениетін
- E) жағдайы жоқтығын

Ұлы Жібек жолы – Шығыс пен Батысты байланыстырып, қалалардың, жаңа мемлекеттердің пайда болуына айтарлықтай ықпал еткен теңдесі жоқ тарихи сауда керуені болып табылады. Түрік империяларының аумағын қамтыған, тарихы біздің заманымызға дейін 138 жылдан бастау алатын Жібек жолын өркениеттер арасындағы мәдени экономикалық көпір деп айтуға болады. Жібек жолы бойында тұрған Отырар, Тараз, Сайрам, Түркістан, Суяб, Баласағұн және тағы да басқа қалалар өркендеп сауда орталығы ғана емес, сонымен қатар мәдени және ғылым ошақтарына айналды. Орталық Азия, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өткен атақты Ұлы Жібек жолы сауда маршруты XIV ғасырға дейін пайдаланылған. Сонымен, түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы өзінің гүлдену шегіне жетіп, адамзат мәдениеті мен экономикасын дамытуға септігін тигізді.

25. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) транзит жолдар
- B) үлкен сауда жолы
- C) кіші сауда жолдары
- D) сауда маршруты
- E) магистраль жолдар

26. Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.

- A) Тарихи кітаптар, білім ордалары
- B) Сауда нысандары, саудагерлер
- C) Нарық ісі, мәдениет орындары
- D) Сауда нүктелері, тауар бағасы
- E) Ұлы жібек жолы, тарихи сауда керуені

27. Асты сызылған сөздің мағынасын көрсетіңіз.

Теңдесі жоқ тарихи сауда керуені болып табылады.

- A) белгісіз
- B) қарапайым
- C) атақты
- D) көрікті
- E) қарабайыр

1-мәтін

Бала кезімнен естіген, үйренген, білген сөздерімнің ішінен бір сөз көкейімнен ерекше орын алады. Өйткені ол сөзді әжем де, анам да, әкем де мен үшін тілдерімен емес, жүректерімен айтып отыратындай сезілетін. Кейде әжем сол сөзді маған арнап айтқанда, мейірлене кеудесіне қысып, маңдайыма ыстық лебін тигізе иіскейтін. Сондықтан ол сөз маған барлық сөздердің құдіретіндей сезілетін. Әжемнің аузынан тура осы сөз шыққан сайын масаттанып, наздана түсетінмін, еркелейтінмін. Бұл «Айналайын!» деген сөз еді. (Асқар Лекеров).

2-мәтін

Қазақ халқының өмірін, әдет-ғұрпын көп зерттеген атақты ғалым А.Диваев «айналайын» сөзі мен оның қолданылу тарихына мынандай түсініктеме береді: баяғы кезде ауру адамды емдеу үшін оны айналдыра жүріп, өзін құрбандыққа шалатынын білдіреді екен. Кейін құрбандыққа мал сойып, оны жарлыларға үлестіріп беретін болған. «Айналайын» сөзінің түбірі – «айналу» етістігі (Этимологиялық сөздік)

3-мәтін

Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі – жақсы мінез, екіншісі – жақсы сөз (Ж.Баласағұн).

28. 1-мәтін мен 3-мәтіннің мазмұнын түйіндеуге жақын келетін мақал-мәтелді көрсетіңіз

- A) Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады
- B) Сөз тапқанға қолқа жоқ
- C) Жылы сөз жанды жылытар, жылы киім тәнді жылытар
- D) Жол қуған кәдеге жолығады, сөз қуған пәлеге жолығады
- E) Сөз сүйектен өтеді

29. Үш мәтіннің де мазмұнын ашатын атауды көрсетіңіз

- A) сөз қолданысы
- B) жақсы сөз
- C) «айналайын» сөзі
- D) сөз құдіреті
- E) сөздің шығу тарихы

30. Мәтіндердегі ақпараттың берілу сипатын анықтаңыз

- A) пайымдау, баяндау, хабарлау
- B) хабарлау, сипаттау, суреттеу
- C) әңгімелеу, баяндау, пайымдау
- D) сипаттау, баяндау, әңгімелеу
- E) суреттеу, сипаттау, баяндау